

Педагогикалық психологияның принциптері

Дайындаған: Жумиева Гулсим

Жоспары:

Педагогикалық психологияның принциптері

Детерменизм принципі

Даму принципі

Сана мен іс – әрекет бірлігі принципі

Детерменизм принципі бойынша әр түрлі психикалық құбылыс өмір салты, қоршаған орта әсерлеріне орай пайда болады, тіршілік жағдайының ауысуымен психика да өзгеріске келеді.

Детерминизм – психикалық құбылыстарды түсіндіруде физиологиялық заңдылықтарды қолданудың негізі болды.

Детерминизм және индетерминизм - себептіліктің орны және ролі турлы бір біріне қарама-қарсы философиялық қағида.

Детерминизм барлық құбылыстардың себептілікке бағынатыны туралы ілім.

Барлық құбылыстардың жалпыға бірдей заңды байланыстары, себепке тәуелділігі туралы ілім детерминизм деп аталады.

Детерминизм жаңа заман жаратылыстану ғылымы мен материалистік философиясында (Ф. Бэкон, Галилей, Декарт, Ньютон, Ломоносов, Лаплас, Спиноза және XVIII ғасыр француз материалистері) одан әрі жетілдірілді. Жаратылыстану ғылымының даму деңгейіне сәйкес бұл кезеңдегі детерминизм механикалық, абстрактілік сипатта болды. Бұл механиканың бұлжымайтын динамикалық заңдарының шеңберінде суреттелетін себептілік формасын абсолюттендіруден көрінді

Даму принципі. Даму идеясы Ч.

Дарвиннің эволюциялық теориясының ықпалымен еніп, алғашқыда бала, кейін ересектер психологиясының қалыптасу негізіне айналады. Психика дамуы психика проблемаларын зерттеуде жалпы принциптік немесе әдістеме қызметін атқарады. Барша заңдылықтар, соның ішінде психикалық та, даму барысында қозғалыс пен өзгеруден туындап және жойылуына орай танылады.





Сана мен іс-әрекет бірлігі принципі. Бұл принцип психология ғылымының өзекті категориялары. Аталған принциптің жүйелі зерттелуі 30 жылдары басталды. Алғашқы рет сана мен іс-әрекеттің бірлігі жөніндегі идеяны алға тартқан Л.С.Рубинштейн Ғалым ” Іс-әрекет және сана назар аударылған объектінің екі, әртүрлі тарапы емес. Олар табиғи біртұтас; теңдік емес, бірлік ” - деп жазған.

Жүйелілік
принципі. Затты,
құбылысты немесе
процесті олардың
барлықэлементтері
-нің бірлігінде,
өзара әрекеттесуі
мен өзара
байланысында
талдау; жүйе
элементтерін
бірыңғай тұтас
ретінде қарастыру
болжанады.



Ғылыми танымның принциптері (олардың кейбіреуі жоғарыда қарастырылған) жалпы ғылыми әдістер: индукция және дедукция, талдау және синтез, аналогия және ұқсастық, абстракциялау және дәріптеушілік, модельдеу және ой эксперименті, математикаландыру шеңберінде нақтыланады.